



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№38 (1995) 3 ҚАРАША 2025 ЖЫЛ



Әлемді өзгертетін басты күш – білім

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен «Қазақстан – академиялық білім аймағы» атты стратегиялық серіктестер форумына Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қатысты.

Форумда үздік шетелдік университеттердің жетекшілері, халықаралық рейтинг және аккредиттеу агенттіктерінің өкілдері, отандық ЖОО ректорлары бас қосты.

Президент білім және ғылымды ешқандай шекара талғамайтын, барлық елге ортақ стратегиялық маңызы айрықша сала ретінде атап, бүгінгі форум соның айқын дәлелі екеніне назар аударды. Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде білім мен ғылым – әлемді өзгерте алатын ең басты күш, ал университет – озық ойлар мен жаңа идеялардың ордасы, ғылыми ізденіс ортасы екенін баса айтты.

«Қазір адамзат түбегейлі өзгерістер дәуіріне қадам басқан кезде білім ордалары заман талабына сай озық болуға тиіс. Онсыз ешқандай



даму да, өркендеу де болмайтыны анық. Қазақстан білім-ғылым жүйесін дамытуға айрықша мән беріп отыр. Елімізде жоғары оқу орындарының дербестігі артып келеді, зерттеу университеттері көбеюде. Мемлекет ғалымдарға, әсіресе жас зерттеушілерге, барынша қолдау көрсетуде. Жоғары білімнің барша азаматқа бірдей қолжетімді болуы – өте маңызды міндет», – деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздегі жоғары оқу орындарының беделді халықаралық рейтингтердегі көрсеткіші жақсарып келе жатқанын айтты.

Жиында ҚР ғылым және

жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Quasquarelli Symonds (QS) компаниясының президенті Нунцио Квакварелли, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының (МГИМО) ректоры Анатолий Торкунов, Бейжің тіл және мәдениет университетінің президенті Пэн Дуань, Cardiff University президенті Венди Ларнер, Woosong білім беру қоры қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ким Сонг Кёнг, Мәскеу ұлттық ядролық зерттеу университетінің ректоры Владимир Шевченко және т.б. қатысушылар сөз сөyledi.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

Президент шетелдік студентке ризашылығын білдірді



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқитын француз студенті Адриан Давус «Қазақстан – академиялық білім аймағы» форумы аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездесіп, қазақ тілін үйреніп жүргенін айтты.

Адриан Давустың айтуынша, шетелдік студент болу – оңай іс емес. Өйткені тіл айырмашылығы, оқу жүйесі мен мәдени айырмашылықтар айтарлықтай қиындық тудырады. Соған қарамастан, ол Қазақстанда оқу мүмкіндігін жоғары бағалайтынын және осында алған тәжірибесі оның өмірінде үлкен рөл атқаратынын жеткізді.

«Мен Қазақстанда оқып жатқанымға қуаныштымын. Менің білім жолым басқа студенттерге

де осындай мүмкіндік пен шабыт сыйлайды деп үміттенемін. Құрметті Президент, жастарға көрсетіп жатқан қолдауыңыз үшін көп рақмет айтамын», – деді Адриан Давус.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы шетелдік студенттің қазақ тілін үйренуге деген ықыласына ризашылығын білдіріп, алдағы бастамаларына табыс тіледі.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



2-бет

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

Университеттердің академиялық дербестігі кеңейіп келеді



4-бет

Ғылыми институт құру жұмыстары пысықталды



5-бет

Аскар АКАЕВ:

Прогнозирование кризиса важная задача для любой страны





Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Университеттердің академиялық дербестігі кеңейіп келеді

Бүгінгі таңда әлем адамзат өркениетінің жаңа кезеңіне аяқ басты. Технологиялық даму мен жасанды интеллектің өркендеуі өмірдің барлық саласын қайта түрлендіруге кірісті. Түбегейлі өзгерістер дәуірінде білім мен ғылымның рөлі бұрынғыдан да арта түсері сөзсіз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Қазақстан – академиялық білім аймағы» атты стратегиялық серіктестер форумында сөйлеген сөзінде: «Білім мен ғылым – әлемді өзгерте алатын ең басты күш», – деп атап өтті. Расында да, дамудың даңғыл жолы сапалы білім мен озық ғылым арқылы ғана қалыптасады.

Президент атап өткендей, қазіргі таңда елімізде жоғары білім жүйесі қарқынды жаңғыруда. Соңғы жылдары білім мен ғылымға бөлінетін қаржы көлемі үш есеге ұлғайды. Университеттердің академиялық дербестігі кеңейіп, зерттеу бағытындағы оқу орындарының саны артып келеді.

Қазақстан алдағы үш жылда білім мен технология саласында өңірлік көшбасшы болу бағытын ұстанып отыр. Білім беру мен ғылымды зерттеулерге жасанды интеллектің кеңінен енгізу ұлттық маңызы бар стратегиялық міндет ретінде басты назарға алынды. Осы мақсатта Президент бастамасымен «Al Sana» бағдарламасы іске қосылып, жемісті нәтиже бере бастады. Жасанды интеллект мектептер мен университеттерде міндетті пән ретінде енгізілді. Бұл – жаңа ұрпақтың цифрлық сауаттылығын арттырып, заманауи еңбек нарығына бейімдеудің нақты қадамы. Сонымен қатар елімізде Жасанды интеллект университетін құру жөнінде дайындық жұмыстары жүргізілуде. Бұл бастама Қазақстанның цифрлық трансформациясын жеделдетуге және IT-мамандар даярлау жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Осы ретте Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мемлекетіміздің стратегиялық бағытын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарып келеді. Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті ашылып, Жасанды интеллект және Big Data кафедрасы жұмыс істей бастады.

Жасанды интеллект және криптология ғылыми-зерттеу институттары құрылды. Data Science, бизнес-аналитика және интеллектуалды жүйелер бойынша заманауи білім беру бағдарламалары енгізілді. Сондай-ақ университеттің есептеу инфрақұрылымы 1,94 PFLOPS өнімділігі бар суперкомпьютермен жабдықталды. Оқу үдерісінде және басқару жүйесінде бес интеллектуалды көмекші тиімді жұмыс істеуде. Атап айтқанда:

Farabi-Ask – талапкерлерге арналған виртуалды кеңесші, Farabi Proctoring – онлайн емтихандарды бақылау жүйесі, Law AI – қазақ тіліндегі құқықтық көмекші,

UNIVER bot – академиялық анықтама жүйесі,

iLearn – студенттердің үлгерімін талдау платформасы. Бұл құралдар білім беруді әділ және баршаға қолжетімді етуге бағытталған.

ҚазҰУ халықаралық серіктестікті де белсенді дамытып, Қытайдың Jiangsu Huibo Robotics Technology компаниясымен бірлесіп «Цифрлық технологиялар және робототехника» халықаралық институтын және Робототехника орталығын құрды.

Институттың басты мақсаты – цифрлық инженерия, жасанды интеллект және робототехника саласында жаңа буын инженерлері мен зерттеушілерін даярлау. Оқу-зерттеу базасы заманауи өнеркәсіптік роботтармен және «цифрлық зауыт» жүйесімен жабдықталған.

Сонымен қатар Ресейдің

Ұлттық ядролық зерттеу университеті (МИФИ) және Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетімен әріптестік негізінде ҚазҰУ филиалдары ашылды. Бұл келісімдер ядролық физика, жоғары өнімді есептеу жүйелері және жасанды интеллект бойынша бірлескен мамандар даярлауға жол ашты.

Бүгінде елімізде 31 мыңнан астам шетелдік студент білім алса, оның ішінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 50-ден астам елден келген 7323 шетелдік студент оқиды. Бұл көрсеткіш университеттің халықаралық беделі мен білім сапасының дәлелі.

Мемлекет басшысының айтуынша, жоғары оқу орындары алдағы уақытта да жан-жақты дамып, білім мен ғылым саласында көшбасшылық рөл атқара бермек. Президент университеттерді «келешектің фабрикасы» деп сипаттай отырып, олардың жаңа идеялар мен зерттеушілік бастамалардың орталығы екенін атап өтті. «Мықты университеттерде идеялар туып, кедргілер еңсеріледі. Мұнда әділ өрі үйлесімді әлемнің алғышарттары қалыптасады. Жоғары оқу орындары халықтар арасындағы сенім мен ынтымақты күшейтіп, дипломатиялық құндылықтарды дәріптейді. Университет қабырғасында қалыптасқан студенттердің бауырластығы, зерттеушілердің қоғамдастығы және академиялық серіктестік тек ғылым-білім саласында емес, экономика мен қоғамдық өмірде, тіпті саясатта да маңызды өзгерістерге қозғау береді», – деді Президент.

Әділетті, таза, қауіпсіз және күшті Қазақстанды құру ісінде оқу орындары Мемлекет басшысына әрдайым қолдау көрсетеді. Университеттер жаңа идеялар мен шығармашылық бастамаларды жүзеге асыра отырып, Президенттің елді дамытудың стратегиялық бағыттарын іске асырудағы сенімді серіктесіне айналуға дайын.

Шекарасыз құндылық

Астанада өткен «Қазақстан – академиялық білім аймағы» атты стратегиялық серіктестердің халықаралық форумы еліміздің рухани және зияткерлік дамуының маңызды кезеңдерінің бірі болды. Бұл форумға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың өзі қатысып, білім мен ғылымның адамзат өркениетін біріктіретін әмбебап күш екенін ерекше атап өтті.

Мемлекет басшысының жиындағы сөздері бүгінгі жаһандану дәуіріндегі ғылыми ынтымақтастықтың мәнін айқын көрсетеді. Бұл ой ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің білім, ғылым, парасатты қоғам қағидаларымен үндес. Форумға әлемнің жетекші

жоғары оқу орындарының басшылары мен сарапшыларының қатысуы Қазақстанның жаһандық білім кеңістігіндегі рөлінің артып келе жатқанын дәлелдейді. Осындай диалог алаңдары арқылы ғылым мен білімнің ортақ құндылықтары тоғысып, жаңа идеялар мен серіктестік бастамалар туындайды.

Ғылым мен білімнің миссиясы – тек ақпарат жеткізу емес, адамзатты биік рухани мәдениетке жетелеу. Сондықтан бұл форумның мазмұны мен маңызы ұлт болашағына, адамзат өркениетіне қызмет ететін ізгі қадам деп білемін. Осы орайда, профессор Жансейіт Қансейітұлы бастаған Әл-Фараби университеті бірнеше іргелі жобаларды атқарып келеді.

Жақыпбек АЛТАЕВ,
фарабитанушы,
Философия кафедрасының
профессоры



Ел болашағының КІЛТІ

Президент Астанада өткен форумда адамзат түбегейлі өзгерістер дәуіріне қадам басқан кезде білім ордалары заман талабына сай озық болмайынша, ешқандай даму да, өркендеу де болмайтынын және Қазақстан білім-ғылым жүйесін дамытуға айрықша мән беріп отырғанын атап өтті.

Қ.Тоқаев елімізде 2019 жылдан бері осы салаға бөлінетін қаржы көлемі үш есе ұлғайып, жоғары оқу орындарының дербестігі артып келе жатқанын, зерттеу университеттері көбейіп, «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң қабылданғанын хабарлады.

Мемлекет тарапынан ғалымдарға, әсіресе жас зерттеушілерге, барынша қолдау көрсетіліп келеді. Жоғары білімнің барша азаматқа бірдей қолжетімді болуы – өте маңыз-

ды міндет екенін айта келе, Президент өскелең ұрпаққа мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлыққа тоқталды. Елімізде 2024 жылдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Соған сәйкес, Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызы балалардың есепшотына салынады, яғни Қазақстандағы әр балаға 18 жасқа дейін Ұлттық қордан қаржы бөлініп, олар көмелеттік жасқа толғаннан кейін жинақталған қаржыны баспана немесе білім алуға жұмсай алатынын мәлімдеді. Қазіргі кезде мемлекет тарапынан білім іздеген жастарға деген қамқорлық ауқымы жыл сайын ұлғайып келе жатқаны қуантарлық жайт.

Ираш БАЙМҰРАТОВА,
Шет тілдер кафедрасының
ассистент профессоры

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жоғары технологияда қол жеткен жетістіктері, келешекті көздеп қол созған ғылыми жобалары кеңі қуантарлық.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан – академиялық білім аймағы» атты стратегиялық серіктестер форумында сөйлеген сөзінде: «Бұл – шын мәнінде маңызды жиын, жаһандық білім мен ғылымның дамуы туралы аса құнды пікірлер айтылатын, бол-жамдар жасалатын бірегей алаң. Осыған орай, әлемдегі жетекші жоғары оқу орындарының басшылары және өкілдері Астанада бас қосып, пікір алмасып жатыр», – деген болатын. Ел Президенті сонымен қатар «Қазақстанда жасанды интеллектіні дамыту және басқа салалармен жан-жақты интеграциялау ең жоғарғы стратегиялық басымдылық болып саналады. ЖИ сарапшылары мен мамандарын даярлау ісіне айрықша мән беріп отырмыз. Осы мақсатта жыл басынан бері «Al Sana» бағдарламасын

ЖИ адам игілігіне қызмет етуі тиіс

іске қостық. 540 мыңнан астам студент оқу бағдарламасынан өтті. Бұдан бөлек, жасанды интеллект барлық мектеп пен университетке міндетті курс ретінде енгізілді», – деді.

ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде сандық медиа драматургиясы пәнінен сабақ беру кезіндегі өз тәжірибемді аздап айта кетейін. Драматургия мен режиссура – егіз. Сценарий режиссердің қолына түскеннен кейін қандай мықты драматург, сценарист болса да, режиссер өз интерпретациясын жасайды. Осы жолда студенттер әлем әдебиеті, бейнелеу өнері, кино, театр, музыка өнерінің жауһарларын талдап, сараптап, үлгі ала отырып, өз соқпағын іздейді. Студенттер ЖИ пайда болғалы

ChatGPT көмегіне жиі жүгінетін болды. Студенттерге болашақ сценарийдің идеясын анықтап, композициясын құрған кезде ChatGPT-тің жасанды миынан шыққан туындыны салыстырмалы нұсқа ретінде ала отырып, өз туындыңды дүниеге әкел, яғни сен ЖИ-ға емес, ЖИ саған қызмет етсін деген талап қойып, еңбектеніп жатырмыз. Президентіміз университеттерді алдағы уақытта жан-жақты дамытатынын айтты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті те Президент айтқан осы даму жолындағы келешектің фабрикасы.

Асылбек ИХСАН,
журналистика
факультетінің
аға оқытушысы

Әлемдік ашықтықтың артуы мен ұлттық мәдениеттің өзара ықпалдасуы, сондай-ақ адамзат өркениетінің дамуындағы қазіргі жаһандық үрдістер білім мен ғылым жүйесінде түбегейлі өзгерістер енгізуді талап етуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен «Қазақстан – академиялық білім аймағы» атты стратегиялық серіктестердің халықаралық форумы білім мен ғылым саласында шекараның жойылып, ғылыми интеграцияның жаңа деңгейге көтерілгенінің айқын дәлелі болып табылады.

Жаһандық білім көкжиегі

Форум барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мықты университеттер – келешектің фабрикасы. Бұл жерде идеялар туып, кедергілер еңсеріледі. Әділ әрі үйлесімді әлемнің алғышарттары қалыптасады. Жоғары оқу орындары халықтар арасындағы сенім мен ынтымақты күшейтіп, дипломатия құндылықтарын дәріптейді. Университет қабырғасында қалыптасатын студенттер бауырластығы, зерттеушілер қоғамдастығы және академиялық серіктестік тек ғылым-білім саласында емес, экономика мен қоғамдық өмірдегі, тіпті саясаттағы өзгерістерге қозғау салады. Ұлтымыздың біртуар перзенті, әйгілі академик Қаныш Сәтбаевтың «Ғалым бар өмірін халық үшін, адамзат үшін сарп етеді» деген сөзі бар. Шын мәнінде ғылымның ең басты миссиясы – адамзат игілігіне қызмет ету», – деп атап өтті.

Осы орайда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультеті Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамы стратегиялық серіктестік кеңістігін қалыптастыруға белсенді түрде үлес қосады. Кафедра ұжымы болашақ психолог мамандарды даяр-

лау үдерісінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыра отырып, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде кәсіби құзыреттілікті арттыруға бағытталған сапалы білім беру жүйесін жетілдіруде.

Сонымен қатар кафедра ұжымы халықаралық ғылыми байланыстарды кеңейту, академиялық әріптестікті тұрақты ғылыми серіктестікке айналдыру және зерттеу әлеуетін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар атқаруда. Мұның барлығы адами капиталдың әлеуетін нығайтуға, ғылыми-инновациялық дамудың көкжиегін кеңейтуге және Қазақстанның білім мен ғылым саласындағы жаһандық беделін арттыруға елеулі ықпал ете-рі сөзсіз.

Әл-Фарабидің «Адамның кемелдігі – білім мен парасаттылықта. Ғылым – адамды жетілдіретін ең жоғары игілік» деген даналық сөзі қазіргі білім мен ғылымның мәнін айқындай түседі.

Демек, білім мен ғылымды ұштастырып, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде ойлайтын, ізденетін, жаңалыққа ұмтылатын тұлға тәрбиелеу – болашақтың басты кепілі.

Жұмакүл
МОЛБАСЫНОВА,
философия және
саясаттану факультетінің
аға оқытушысы

Мемлекет басшысы білім және ғылымды ешқандай шекара талғамайтын, барлық елге ортақ стратегиялық маңызы айрықша сала ретінде атап, бүгінгі форум соның айқын дәлелі екеніне назар аударды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев білім-ғылым саласына салынған инвестиция Қазақстанның жарқын болашағына қарай жасалған қадам екенін, алдымызда экономиканы жаңғырту, жаңа өндіріс секторларын қалыптастыру, жасанды интеллект технологияларын барлық салаға енгізу және Қазақстанды толыққанды цифрлық мемлекет ретінде дамыту мақсаттары тұрғанын жеткізді.

Қазіргі таңда білім мен ғылымды мемлекет тарапынан қолдау жоғары деңгейде. Соның бірі – жас ғалымдарға

Қолдауды сезінеді

арналған бағдарламалар. Осы бағдарламалардың аясында жастардың ғылыммен айналысуға қызығушылықтары мен мүмкіндіктері артып, жетістіктерге жетуде. «Болашақ» бағдарламасы білім-ғылым саласындағы мамандардың біліктілігін арттыруға үлкен үлесін қосуда. QS беделді рейтингтік агенттігінің зерттеу қорытындысы бойынша QS World University Rankings (QS WUR) – 2024 рейтингінде 163-орын иеленген Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білім-ғылым саласында көшбасшы университет екені белгілі. Алыс-жақын шетелдермен академиялық байланысы өте жоғары. Оқытушылары мен білім алушылары үнемі тағылымдамадан өтуде. Шетелдерде университеттің филиалдары ашылған. Шетелдік білім алушылардың да саны жылдан-жылға артуда.

Ғылым саласында да шетелдік серіктестермен байланыс нығая түсуде. Химия және химиялық технология факультетінің Қазақстанның ғылым саласына қосып жатқан үлесі орасан зор. Мемлекет қолдауының арқасында білім алушылардың ғылымға бет бұруына жағдай жасау мүмкіндігіне ие бола алды. Заманауи зертханалар іске қосылды. Шетелдік білікті оқытушылар дәріс оқиды. Білім алушылар ғылыми жобаларға қатысып, білім-ғылым жолында тәжірибелер алуда. Форумның мақсаты айқын, сол алға қойған міндеттерді орындау 90 жылдық тарихы бар білім ордасы ұжымының мақсаты болмақ.

Мәлдір
КЕРІМҚҰЛОВА,
химия ғылымының
кандидаты, аға оқытушы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан – академиялық білім аймағы» атты стратегиялық серіктестер форумында тіл мәселесіне де тоқталып өтті.

Президент шет тілін білу орасан зор ақпараттар мен инновациялар ағынымен үлкен жаһандық әлемге терезе ашатынын атап өтті. Көптілділік бағдарламасы бойынша сабақтар барысында педагогтер пән мен тілді меңгеруді ұштастыруға мүмкіндік беретін оқытудың әр-

Әлем өркениетіне ұмтылу қажет

түрлі әдістерін пайдаланады, яғни кіріктірілген оқытуды жүзеге асырады.

«Тілі бірдің – тілегі бір», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» екенін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі – тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып-білуге деген қызығушылықтары

мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббатын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу – басты міндетіміз.

Көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілуіміз керек. Студенттердің жыл бойы

халықаралық жобаларға қатысуын қадағалау, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарды нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынамыз әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен

тәрбие берілуі қажет. Бүгінгі ұрпаққа көп тіл үйрету жөніндегі мемлекет саясатын жан-жақты қолдап, жастарымыздың әлем өркениетіне қол жеткізуі үшін оған тиісті жағдай жасап отырғанымыз абзал.

Раушан БАЛҒАБЕКОВА,
Шет тілдер кафедрасының
аға оқытушысы

Ғылыми институт құру жұмыстары пысықталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Пенсильвания университетінің заң факультеті деканының орынбасары Стивен Барнспен кездесті.

Жүздесуде тараптар ҚазҰУ базасындағы заң факультетінде ортақ ғылыми институтты құру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың дайындығын пысықтады. Жансейіт Түймебаев құрметті қонаққа оқу ордасының соңғы жетістіктері туралы ақпарат берді. Өз сөзінде ректор ҚазҰУ мен Пенсильвания университеті арасындағы әріптестік байланыс жаңа деңгейге көтерілгенін атап өтті.

«Қос білім ордасының ынтымақтастығы қарқынды дамып келеді. ҚазҰУ тарапы институтқа қажетті аудиторияларда



жаңарту жұмыстарын жүргізді. Келесі жылы білім алушы жастарды қабылдаймыз. Болашақта институтты үлкен ғылыми орталыққа айналдыруымыз қажет», – деді ректор.

Өз кезегінде Стивен Барнс ілтипат білдіргені үшін алғысын жеткізіп, алдағы жоспарларымен бөлісті. «ҚазҰУ базасында ашылып жатқан институт екіжақты серіктестіктің жемісі. Орталық Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық бе-

делін арттыруға септігін тигізеді деп санаймын. Алдағы уақытта институтқа 30 профессор арнайы келіп, дәріс өткізеді. Олар АҚШ, Канада, Ұлыбритания және т.б. мемлекеттерден келеді. Сонымен қатар олардың қатарында қазақстандық ғалымдар да болады», – деді Стивен Барнс.

Кездесу соңында тараптар арнайы жұмыс жоспарын бекітуге және жұмыс тобын құруға уағдаласты.



Стратегиялық даму жайы талқыланды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде университеттің стратегиялық дамуына арналған ғылыми кеңестің отырысы өтті.

аралық журналдарда жариялану белсенділігін арттыру мақсатында оқытушылар мен зерттеушілерге жаңа мотивациялық тетіктер енгізілуде», – деді ол.

ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қазіргі таңда жоғары білім беру саласындағы бәсекелестіктің артып келе жатқанын атап өтті. «Зерттеу университеті мәртебесіне сай болу үшін әр факультет пен кафедраның ғылыми елеуеті жоғары болуы шарт. Ғылыми өнімділік тек мақалалармен шектелмеуі керек, ол оқулықтарда, монографияларда, авторлық курстарда көрініс табуы қажет. Әр кафедрада кемінде тоғыз-он оқытушы өз оқу құралдары мен әдістемелік еңбектерінің авторы болуы тиіс. Бұл ғылым мен білім сапасын арттыруға, сондай-ақ инновациялық университеттік экожүйе құруға негіз болады», – деді ректор.

Отырыста сондай-ақ Технологияларды коммерцияландыру және креативті индустриялар орталығының директоры Тахир Азатұлы мен ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінің деканы Тимур Иманқұлов қосымша баяндама жасады. Соңында спикерлер қаулы жобасын ұсынды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Инжиниринг және жоғары технологиялар кластерінің бас директоры Өміржан Тәукебаев ҚазҰУ инжинирингтік кластерін дамыту тұжырымдамасын таныстырып, оның басты мақсаты – ғылыми зерттеулер мен инженерлік әзірлемелерді біріктіріп, олардың нәтижелерін өндіріске енгізу арқылы инновацияларды нақты өнімдер мен технологияларға айналдыру екенін атап өтті. Инжинирингтік кластерді құру бастамасы 2025 жылғы наурызда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев берген тапсырманың негізінде жүзеге асырылуда.

Стратегиялық даму орталығының директоры Гүлзира Василянның айтуынша, университет ғылыми қызметті бағалау жүйесін жетілдіріп, оны барынша ашық әрі әділ етуге күш салып отыр.

«Арнайы цифрлық база құрылып, онда ғалымдардың жарияланымдары, дәйексөздері және ғылыми жобалары автоматты түрде тіркеледі. Сондай-ақ халық-

Жаңа технологияларды енгізу бойынша ынтымақтастық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ҚХР-дағы НЗС Technologies компаниясының Қазақстан бойынша басшысы Чен Янлин бастаған делегацияны қабылдады.

Кездесуде екі тарап ҚазҰУ базасындағы суперкомпьютерді тиімді пайдалануда жәрдемдесу, жаңа технологияларды енгізу бойынша ынтымақтастық орнату жөнінде пікір алмасты.

Жүздесуге ҚР ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Махмұт Томанов, компанияның Қазақстандағы техникалық шешімдер департаментінің директоры Қуат Туяқбаев және менеджер Лянг Жен қатысты.



Құрметті қонақтар компанияның негізгі қызметі туралы баяндап, қай бағытта серіктестікті арттыруға болатыны жөнінде мәлімет берді.

«Компания Қытайдың 500-ге жуық университетімен, ғылыми ұйымдары және институттарымен тығыз жұмыс істейді. Ақпараттық технология бағытында мол тәжірибеміз

бар. Осы тұрғыда ҚазҰУ-мен байланыс орнатып, бірге жұмыс істеуге дайынбыз», – деді НЗС Technologies компаниясының Қазақстан бойынша басшысы Чен Янлин.

Өз кезегінде Жансейіт Түймебаев жауапты мамандарға арнайы жұмыс тобын құрып, ортақ талқылауды тапсырды.

IT саласында әріптестік артады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев македониялық «Видение» халықаралық университетінің ректоры Ахмет Веджди Джанмен кездесті.

Жүздесуде тараптар ынтымақтастықты дамытуға келісіп,

бірқатар ұсыныстарды ортаға салды.

Жансейіт Түймебаев құрметті қонаққа ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы ақпарат беріп, оқу ордасының ғылыми инфрақұрылымымен таныстырды. Ректор өз сөзінде гуманитарлық, IT, физика және химия салалары бойынша әріптестік байланысты арттыруға мүдделі екенін жеткізді.

Өз кезегінде Ахмет Веджди Джан университет жетістіктерін жоғары бағалап, алдағы уақытта қос тараптың да ынтымақтастықта жұмыс істейтініне сенім білдірді.

Кездесуден соң құрметті мейман ҚазҰУ музейін, Жағдаяттық басқару орталығын аралап, қызметімен танысты.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ





Академик Аскар АКАЕВ:

Прогнозирование кризиса важная задача для любой страны

Сегодня все говорят об ИИ, потому что пришло время цифровых технологий, эпоха искусственного интеллекта. В 60-е годы я был студентом Ленинградского института точной механики и оптики, моим учителем был выдающийся математик профессор Тартаковский Владимир Абрамович, читал курс программирования для вычислительных машин и вычислительные методы. Он говорил, что придет время и будет создан искусственный интеллект, который сам себя будет программировать. Тогда нам это казалось фантастикой, думали, что это будет лет через 20-30. С тех пор прошло 60 лет. Всегда так бывает, научно-технический прогресс развивается медленно-медленно, но потом завершается взрывным ростом. Даже 5-7 лет назад никто не мог предположить, что через несколько лет будет создан ИИ человеческого уровня. И еще через 2-3 года будет создан универсальный искусственный интеллект человеческого уровня и даже превосходящий во многом. Теперь перед человечеством стоит задача переосмысления подходов к образованию, управлению наукой. Необходимо создавать глобальный механизм сотрудничества и контроля, чтобы направить технологический прогресс на благо всего человечества. Этот взрывной рост начался буквально 3-4 года назад, а сейчас идет стремительное развитие. В этой гонке бесспорных два лидера – США и Китай.

Я скажу, что Россия тоже в этом направлении хорошо продвигается. Московском государственном университете им. М.Ломоносова уже на протяжении более 10 лет искусственный интеллект используется для научно-технологической сферы, обработки больших экспериментальных данных. ИИ ускоряет научный прогресс во всех областях, связанных с

обработкой больших данных: астрофизика, фармацевтика, большой андронный коллайдер, анализ и прогнозирование социально-экономических, кризисных явлений и геополитических конфликтов. У нас есть астрономический институт при МГУ, один из знаменитых, который изучает галактику, звезды. Во всех этих направлениях мы трудимся, моделируем и другие динамические процессы. Среди вас есть физики, химики, математики, интересуетесь литературой, поэзией, нужно, чтобы ИИ должен быть разносторонним как человек. А в областях узких специальностей ИИ уже давно превзошел человека, знаете что, шахматные компьютеры обыграли чемпиона мира Каспарова 30 лет назад. С тех пор ни один шахматист не может победить ИИ. Компьютерное зрение сегодня прекрасно работает, беспилотные автомобили, дроны летают, теперь распознает речь, это великое достижение науки. Два года назад я читал лекции в Китае, мне ИИ переводил с русского на китайский язык. Я был в восторге, даже живой переводчик так хорошо справляется. В данное время появился ИИ, который генерирует изображения, картины, музыку, текст. Если обучить его может сочинить сложные музыкальные произведения.

Анализ и прогнозирование социально-экономического кризиса очень важная задача для любой страны. Сегодня экономисты делают среднесрочные, долгосрочные прогнозы с помощью ИИ. До последнего времени не было модели ИИ для решения этих задач. Теперь появился китайский ИИ DeepSeek, который по своим характеристикам не уступает ChatGPT. Китайцы его выпустили с открытым кодом, чтобы могли пользоваться во всем мире. То есть, китайцы американцев повергли в шок. Все

Первый президент Кыргызской Республики, академик Российской академии наук, ведущий научный сотрудник Института математических исследований сложных систем Московского государственного университета им. М.Ломоносова, профессор Аскар Акаев представил вниманию преподавателей, ученых и обучающихся КазНУ имени аль-Фараби лекцию на тему: «Об оптимальном управлении моделью искусственного интеллекта и экономическим развитием для анализа и прогнозирования социально-экономических кризисов». Приветствуя почетного гостя, Председатель Правления – Ректор КазНУ имени аль-Фараби подчеркнул, что, будучи почетным профессором университета, известный ученый, академик РАН Аскар Акаев в этот визит читает вторую лидерскую лекцию. Руководитель университета напомнил важные тезисы первой лекции, в которой рассматривались технологическая, демографическая и эволюционная сингулярности. Сегодня ИИ не просто инструмент, а интеллектуальная сила, способная преобразовывать все сферы жизни – экономику, образование, науку.

Академик Акаев рассказал об использовании ИИ для анализа и прогнозирования социально-экономических кризисов.

таки у этих языковых моделей есть недостатки, они во всех перечисленных сферах хорошо работают – 100 % распознавание, 100 % результатов, но есть задачи как астрономия, медицина и др. направления, где обязательно нам надо соб-

для нашей сферы мы считаем, именно научно-технической сферы, наиболее подходит такая гибридная модель.

Как ИИ будет влиять на численность населения? А он будет снижать численность населения. Потому что, главная

естественным процессам. Необходимо период накопления критического объема инноваций, чтобы они начали оказывать значительное влияние на экономику и общество.

Для сравнения, США начали активно развивать свои цифровые технологии с начала 2000-х годов, и этот процесс продолжается до сих пор. А где отдача, почему ВВП не поднимается? Компьютеры использовались с 60-х годов, но они никак не сказывались на росте экономики, а в середине 90-х годов был скачок. Это есть эффект запаздывания. Вот теперь накапливается, а следующий скачок от цифровой технологии в США появится в ближайшие годы. В 26-27 годы в американской экономике будет скачок, производительность труда поднимется на 1% в среднем, при этом экономический рост подпрыгнет на 4-5 %.

Искусственный интеллект должен стать не соперником человека, а его верным и дружелюбным союзником. В этом симбиозе ведущую роль играет человек, а интеллектуальная машина выступает в качестве мудрого и надежного помощника. Его необходимо подготовить должным образом. Исследования показывают, что это наиболее перспективный путь для дальнейшего развития. Мы также создали формулы, которые описывают, как будет работать взаимодействие человека и интеллектуальной системы. В этом партнерстве человек получает качественное образование, высокую квалификацию и возможность управлять искусственным интеллектом. Машинное обучение и анализ данных – мощные инструменты, которые могут ускорить научные открытия, но они должны служить дополнением, а не заменой традиционным научным методами. Для нашей сферы наиболее подходит гибридная модель: верификационные математические модели для расчета трендовых траекторий развития, а кризисные явления необходимо прогнозировать с помощью ИИ путем глубокого машинного обучения.

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби станет важным флагманом в осуществлении амбициозной инициативы Касым-Жомарта Токаева по цифровизации и интеллектуализации экономики Казахстана, а также в развитии искусственного интеллекта в системе государственного управления. Позвольте пожелать ему успехов и выразить глубокую признательность за ваше внимание!

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

функция человека – это переработка информации. У нас до сих пор не было конкурента, никто из живых существ кроме человека не умеет перерабатывать информацию. Мы создали конкурентов в лице ИИ и теперь информацию перекладываем для переработки на ИИ. Потому что, он работает без усталости 24 часа в сутки, 7 дней в неделю без оплаты, без капризов и т.д. Поэтому численность человека будет все меньше и меньше востребован. Таков закон эволюции, тут ничего не поделаешь и численность будет уменьшаться. Мы вывели математические формулы, в 50-е годы человечество достигнет максимум около 8,8 млрд. и далее будет уменьшаться, а к концу столетия будет 7,9 млрд. То есть ИИ численность населения снизит на полмиллиарда человек. И еще население постареет. Этот процесс уже идет, потому что, компьютеры, элементы с ИИ давно используются, поэтому численность населения Земли уменьшается с одной стороны – это ограничение биосферы, экология, с другой стороны информационные цифровые технологии и ИИ этот процесс ускоряют. Мы должны учитывать эти прогнозы.

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев инициировал масштабную программу по цифровому развитию страны, поставив амбициозную цель – превратить Казахстан в полноценное цифровое государство в течение трех лет. Эта инициатива заслуживает внимания и имеет все шансы на успех, учитывая научно-технологический потенциал страны, в частности наличие в университете аль-Фараби центра, готового к разработке собственных технологий искусственного интеллекта. Однако важно не строить завышенных ожиданий. Нельзя рассчитывать на мгновенный скачок в развитии, поскольку это противоречит

Репер нравственности и интеллигентности



В КазНУ им. аль-Фараби прошла международная научно-практическая конференция «Современные методы и технологии анализа, оценки и прогноза водных ресурсов», посвященная 90-летию доктора географических наук, профессора Сакена Каламкалиевича Давлетгалиева – выдающегося ученого, педагога и основателя национальной гидрологической школы Казахстана.

Мероприятие объединило ведущих ученых и специалистов из Казахстана, России и Европы. В числе участников – представители Российского государственного гидрометеорологического университета (Санкт-Петербург), ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, РГП «Казгидромет», АО «Институт географии и водной безопасности», а также зарубежные партнеры — Polytechnic University of Valencia (Испания) и IHE Delft (Нидерланды). Руководство КазНУ им. аль-Фараби и факультета географии и природопользования, а также директор Института географии и водной безопасности поздравили юбиляра, отметив его неоценимый вклад в развитие гидрологической науки, становление научных школ и подготовку целой плеяды высококвалифицированных специалистов.

Открыли конференцию яркие пленарные выступления. Академик Национальной академии наук РК профессор Медеу А.Р., представители РГГМУ и Казгидромета, а также зарубежные ученые – Fredric Huthoff (IHE Delft) и Javier Rodrigo-Illarri (UPV) представили современные подходы к прогнозу гидрологических процессов, стохастическому моделированию, управлению водными ресурсами и трансграничному сотрудничеству в условиях изменения климата.

Особое внимание участников конференции привлекло выступление Саирова Серика Бияхметовича, кандидата географических наук, первого заместителя генерального директора РГП «Казгидромет», советника по гидрологии постоянного представителя Республики Казахстан при ВМО. Саиров С.Б. не только представил научный доклад, посвященный развитию национальной гидрометеорологической службы и преемственности научной школы профессора Давлетгалиева, но и вручил юбиляру специальный выпуск научного сборника «Гидрометеорология и экология», членом редколлегия которого он является. Этот номер был подготовлен специально к юбилею и включил статьи участников конференции, отражающие современные тенденции гидрологических исследований

и вклад профессора С.К. Давлетгалиева в развитие науки.

В рамках трех тематических секций обсуждались ключевые направления развития гидрологии:

1. методы анализа и прогнозирования водных ресурсов;
2. цифровизация гидрологии и применение ГИС и машинного обучения;
3. адаптация к климатической нестационарности и управление рисками наводнений.

Молодые исследователи представили результаты актуальных исследований по весенним половодьям, климатическим сценариям для Каспийского региона и оценке состояния водных объектов.

Юбилей профессора Давлетгалиева стал сердцем конференции. Его ученики – специалисты Казселезащиты, Казгидромета, Казгидро и научных институтов с особым теплом вспоминали годы учебы в университете. Они подчеркивали уникальную роль профессора в формировании их научного мировоззрения, передаче глубоких знаний в области прогноза гидрологических процессов и математического моделирования.

Второй день конференции был посвящен экскурсионной программе: участники посетили Музей аль-Фараби, центр космических технологий и дистанционного зондирования, инновационные лаборатории факультета географии и природопользования. Эти посещения продемонстрировали, как идеи старших поколений ученых находят воплощение в современных исследовательских инфраструктурах.

Конференция стала не просто научным событием, а настоящим мостом между поколениями. Она объединила научное сообщество в признании заслуг профессора Сакена Каламкалиевича Давлетгалиева – человека, ставшего репером нравственности, интеллигентности и научной глубины для многих поколений гидрологов.

Айнур МУСИНА,
к.г.н., доцент-исследователь
Жанара ЖАНАБАЕВА,
старший преподаватель
кафедры метеорологии и гидрологии

В Мумбаи (Индия) в Женском университете «Шримати Натибаи Дамодар Текерси» (Shreemati Nathibai Damodar Thackersey Women's University) прошла 31-я Международная конференция Азиатского медиа информационно-коммуникационного центра (AMIC) по теме «Цифровая трансформация навигации в медиа, связей с общественностью и рекламе», которая собрала ведущих ученых-исследователей, журналистов со всего Азиатского региона. В AMIC входят: 16 институциональных членов, 39 представителей из 29 стран, в том числе 3 представителя из Казахстана. На данную конференцию было отправлено 629 тезисов и 220 научных статей, которые были отражены на 17 параллельных секциях. Казахстанскую делегацию представляли из КазНУ им. аль-Фараби – профессор С.Барлыбаева, ассоциированный профессор К.Мысаева и докторант Д.Азимжанов.

Почетная награда AMIC

На конференцию приехали медиа исследователи, преподаватели, специалисты в области журналистики и массовой коммуникации из Филиппин, Шри Ланки, Бангладеш, Китая, Японии, Вьетнама, Индии, Мьянмы и других стран Азиатского региона, которые рассказывали о современных тенденциях в масс медиа своих государств, о специфике журналистского образования на местах, о специфике информационной культуры региона, который богат своими традициями, спецификой медиа ландшафта.

Каждый год AMIC награждает лучшего ученого-преподавателя, исследователя, журналиста за выдающийся вклад в сфере масс медиа и журналистики, в медиа образовании в Азии посредством публикаций, исследований и институ-



ционального строительства. Лучшей в 2025 году была удостоена этой высокой награды Карлыга Мысаева. Мы от души ее поздравляем! Впервые это почетное звание завоевала представительница из Центральной Азии, из Казахстана, из КазНУ им.аль-Фараби. Впереди новые планы, проекты,

конференции, способствующие дальнейшему сотрудничеству и консолидации ученых из Казахстана, ЦА с Азиатско-Тихоокеанским регионом и Юго-Восточной Азии.

Сауле БАРЛЫБАЕВА,
профессор кафедры
Печати и электронных СМИ

Лекция и лабораторные занятия на заводе



боты предприятия», — отметил Аркадий Михайлов.

Практическая часть включала проведение лабораторных наблюдений за процессами экструзии и литья под давлением, изучение структуры и свойств перерабатываемых полимеров, а также анализ готовых изделий. Студенты смогли увидеть работу термопластавтоматов, линии подготовки полимерного сырья и системы контроля качества продукции.

Завод «Дорпласт-Инвест», основанный в 2005 году, является одним из ведущих предприятий Казахстана по производству пластмассовых изделий, используемых в строительстве и железнодорожной инфраструктуре. Предприятие выпускает широкий ассортимент продукции: под рельсовые прокладки, изолирующие вкладыши, упоры и другие элементы верхнего строения пути. Производственный процесс включает полный цикл — от подготовки сырья до готового изделия, с акцентом на экологическую

переработку и повторное использование полимеров.

Преподаватели кафедры Уркимбаева П.И., Кенесова З.А., Агибаева Л.Э. отметили, что проведение занятий на промышленной площадке способствует формированию практико-ориентированного подхода к обучению.

«Такие выезды позволяют студентам увидеть полный технологический цикл, понять особенности современного оборудования и оценить реальное применение знаний, полученных на лекциях», — подчеркнула Кенесова З.А.

По итогам мероприятия стороны выразили готовность продолжить сотрудничество, развивая совместные образовательные и научно-практические проекты в сфере переработки полимерных материалов.

Перизат УРКИМБАЕВА,
профессор кафедры
химии и технологии
органических веществ,
природных
соединений и полимеров

IFLA аясындағы ВОЛОНТЕРЛІК



Астана қаласында «Білімді біріктіріп, болашақты қалыптастырамыз» тақырыбымен Халықаралық кітапханалар қауымдастығы мен мекемелер федерациясының (IFLA) 89-шы Дүниежүзілік кітапханалық және ақпараттық конгресі (IFLA WLIC 2025) өтті.

Бұл ауқымды халықаралық шара Қазақстан мен тұтас Орталық Азияның кітапхана ісін әлемдік аренада танытқан маңызды мәдени оқиғаға айналды. Конгреске әлемнің 114 елінен 1852 делегат қатысып, олардың қатарында Қазақстаннан келген 454 кітапханашы болды. Бұл көрсеткіш еліміздің әлемдік кітапхана қауымдастығындағы беделінің артып келе жатқанын және кәсіби саладағы ықпалының кеңейгенін дәлелдейді. Конгресс цифрландыру, инклюзия және тұрақтылық тақырыптарына назар аудара отырып, тәжірибе алмасуға, инновацияларды талқылауға және кітапханалардың болашағын бірлесіп қалыптастыруға арналған бірегей кәсіби алаңға айналды.

Өткен жылғы Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Адал адам – адал еңбек – адал табыс» қағидатын ерекше атап өтіп, кітапхана саласын дамыту елдің стратегиялық дамуы үшін маңызды бағыттардың бірі екенін баса айтты. Осы тұрғыда IFLA конгресі Қазақстанның кітапхана саласына жаңа серпін беріп, халықаралық тәжірибе мен кәсіби байланыстарды нығайтуға зор мүмкіндік жасады.

Ауқымды форумның негізгі бағыттары қатарында «Цифрлық дәуірдегі жинақтау: инклюзивтілік және тұрақтылық» атты Ұлттық кітапханалар секциясының отырысы маған ерекше әсер қалдырды. Семинарда цифрлық ресурстарды сақтау, ұлттық мәдени мұраны цифрландыру және баршаға қолжетімді ақпараттық орта қалыптастыру мәселелері талқыланды. Сондай-ақ «Кітапханалар – азаматтық қоғамның инкубаторы» атты сессияда кітапханалардың демократия мен азаматтық қатысуды нығайтудағы рөлі айтылды. Ал «Болашаққа дайын кітапханалар: ақпараттық сауаттылыққа жасанды интеллектті енгізу» панелінде жасанды интеллект технологияларының білім беру және ақпараттық қызмет саласындағы тиімділігі қарастырылды. IFLA президенті Донна Шидер өз сөзінде кітапханалардың жаһандық тұрақты даму мақсаттарына жетудегі маңызын ерекше атап өтіп: «Тұрақты дамуға қол жеткізу үшін адамдарға қажет

деректер массивтеріне, білім көздеріне және ақпараттық-коммуникациялық технологияларға қолжетімділікті қамтамасыз ете алатын мекемелерді тиімді пайдалану үшін бар күшімізді салайық. Кітапханалар деректер дәуірінде белсенді серіктес болып, баршамыздың 2030 жылды лайықты деңгейде қарсы алуымызға көмектеседі», – деді. Бұл сөз кітапханалардың тек ақпараттық мекеме ғана емес, қоғамның интеллектуалды және мәдени дамуындағы жетекші күш екенін айқын көрсетеді.

Конгресс аясында постерлік сессиялар ұйымдастырылып, онда әктемдік кітапханашы Айзада Өтешованың постері үздіктер қатарынан көрінуі қазақстандық кітапханашылардың кәсіби деңгейінің жоғары екенін және еліміздің халықаралық беделінің нығайып келе жатқанын дәлелдеді.

IFLA-дағы волонтерлік – бұл тек ұйымдастырушылық көмек көрсету ғана емес, сонымен қатар жаңа көзқарас қалыптастырып, халықаралық кәсіби бірлікті нығайтатын ерекше тәжірибе. IFLA волонтерлік бағдарламасына әлемнің 45 елінен 389 өтінім түсіп, олардың ішінен 235 адам іріктеліп алынды. Солардың 135-і – қазақстандық еріктілер. Таңдаулы волонтерлердің қатарында болу мен үшін үлкен абырой әрі кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге зор мүмкіндік болды.

Дүниежүзілік конгреске ғылыми жетекшім, педагогика ғылымының кандидаты Гүлмира Исатайқызымен бірге қатыстым. Жазда мен волонтер ретінде бес күн бойы ұйымдастыру, ақпараттық және мәдени бағыттарда қызмет атқарып, халықаралық деңгейдегі кәсіби тәжірибе жинақтадым. Конгресс барысында АҚШ, Малайзия, Чехия, Қытай елдерінен келген әріптестеріммен пікір алмасып, болашақ ғылыми және кәсіби серіктестікке негіз болатын байланыс желісін орнаттым.

Волонтерлік қызметтің ең құнды тұсы мен үшін түрлі елдердің мәдениеті және кәсіби тәжірибесімен тікелей танысып, тілдік әрі мәдени коммуникация дағдыларымды жетілдіріп, ғылыми коммуникация мәдениетін жетілдіру платформасы болды. Сонымен қатар көпұлтты ортада қызмет атқару жауапкершілік пен бейімделу қабілетін арттырып, ғылыми ұжымда жұмыс істеу мәдениетін дамытады.

Халықаралық волонтерлік қызмет менің тұлғалық және кәсіби қалыптасуымдағы маңызды кезеңдердің бірі болды.

Шынар МҰҚАШЕВА,
«Кітапханалық ақпараттық жүйелер» мамандығының
1-курс докторанты

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты мақсаты – әрбір баланың қабілетін дамытуға, қоғам өміріне толыққанды қатысуына жағдай жасау. Осы мақсатқа жетудің тиімді жолдарының бірі – инклюзивті білім беру. Инклюзивті білім – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беру мекемелерінде басқа оқушылармен тең дәрежеде білім алуын қамтамасыз ететін процесс.

Инклюзивті білімнің маңызы зор

Инклюзивті оқыту – тек ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін маңызды. Бұл тәсіл баланың жеке қабілетін ескеріп, оны әлеуметтік ортада толыққанды өмір сүруге бейімдейді. Сонымен қатар басқа балалардың да мейірімділікке, төзімділікке, түсіністікке тәрбиеленуіне ықпал етеді.

Мысалы, Мағжан Жұмабаевтың «Білімдінің сөзі – ем, мейірімі көп, өзі – кең» деген терең мағыналы сөзі инклюзивті білім беру тақырыбына тікелей қатысы бар. Бұл ойды бірнеше бағытта нақтылап түсіндіруге болады:

- Білімді мұғалімнің рөлі – инклюзивті білім берудің негізі. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін ұстаз тек пәнді меңгертуші ғана емес, олар үшін рухани тірек, қолдаушы тұлға. Мұғалімнің мейірімі мен кеңдігі баланың өзіне сенуіне, қоғамға бейімделуіне жол ашады.
- Сөз – ем, яғни білімді

адамның әрбір сөзі баланың жүрегіне жетіп, сенім мен шабыт береді. Ерекше оқушыларды қолдап, жігер беретін жылы сөз – олар үшін шынайы ем.

• Кеңпейілділік – инклюзивті қоғамның негізі. Әртүрлі баланы қабылдау, олардың мүмкіндіктерін дамытуда білімді, ашық, кең ойлы адамдар қажет. Ондай адамдар баланың сыртқы ерекшелігін емес, ішкі мүмкіндігін көреді.

Яғни Мағжан Жұмабаевтың бұл қанатты сөзі инклюзивті білім берудегі адамгершілік, мейірім мен білім үйлесімінің маңыздылығын өте дәл сипаттайды.

Қазақстанда инклюзивті білім беру саясаты біртіндеп дамып келеді. Мектептерде психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеттері ашылып, арнайы мамандар – дефектолог, логопед, психологтер жұмыс істей бастады. Дегенмен инклюзивті білім берудің тиімді жүзеге асуы үшін инфрақұрылымды дамыту, мұғалімдердің бі-

ліктілігін арттыру, ата-аналармен жұмыс істеу – басты міндеттердің бірі. Сонымен қатар ЖОО оқытушыларына инклюзивті білім берудің теориялық және әдістемелік негіздерін меңгерту арқылы студенттердің білім алуындағы тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған инклюзивті оқыту тәжірибесін дамыту аса маңызды.

Инклюзивті білім – тек білім беру саласының реформасы емес, бұл – қоғамның гуманизмге, теңдік пен әділеттілікке ұмтылуының көрінісі. Әрбір бала – қоғамның тең құқылы мүшесі, ал инклюзивті орта – сол балаға сенім мен мүмкіндік берудің ең әділ жолы.

Майра МОЛДАБЕКОВА,
Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының профессоры, п.ғ.д.

Мәнсия ӘСЕМБАЕВА,
доцент, ф.-м.ғ.к.

Баспасөз қызметінің жұмысымен танысты

Республикалық қоғамдық-саяси «Литер» газетінің бас редакторы, Президент стипендиясының иегері, Ақпарат саласының үздігі Жанна Ойшыбаева Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы келіп, Ақпарат және коммуникациялар департаментінің қызметімен танысты.



Құрметті қонаққа департамент құрамындағы бірқатар бөлімдердің жұмысы таныстырылды. Атап айтқанда Баспасөз қызметі, «Farabi Media» телестудиясы, «Qazaq universiteti» газеті, «Farabi University» сайт басқармалары өздерінің негізгі бағыттары мен күнделікті атқаратын жұмыстарын таныстырды.

Департамент мамандары университеттің имиджін көтеру, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланыс орнату, сондай-ақ медиаконтент жасау бойын-

ша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ақпарат берді.

Жанна Ойшыбаева ҚазҰУ медиақұрылымының кәсіби деңгейін жоғары бағалап, университеттің Баспасөз қызметі мен «Литер» газеті арасындағы әріптестік байланыс одан әрі дамитынына сенім білдірді.

«ҚазҰУ түлегі ретінде оқу ордасына келіп, соңғы жетістігімен танысу мен үшін үлкен бақыт. Университеттің медиа саласындағы жұмысы жоғары деңгейде жолға қойылғанын көрдім. «Литер» газеті көшбасшы жоғары оқу орнының ғылым мен білім саласындағы табыстарын тұрақты түрде жариялап келеді. Болашақта да ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметімен ортақ жұмыстарды бірлесіп атқара беретін боламыз», – деді Жанна Ойшыбаева.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Іле Алатауында
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ шыңы (4361 м)
бар. Шыңға алғаш рет
1951 жылы Кузьма
Яковлевич Александров
бастаған альпинистер
тобы шыққан. ҚазҰУ
шыңына жету қиын.
Біріншіден, жол өте
алыс, екіншіден, шек-
аралық аймаққа жақын.

ҚазҰУ шыңын жақыннан тамашаладық



шыңы Іле Алатауындағы Сыр-
ғымалымұз және Жусанды
мұздықтарының аралығын-
дағы Сырғымалымұз асуын-
да орналасқан (координаты
42°58'58"N 77°13'47"E). Қара-
ма-қарсы бетте Жаңғырық
мұздығы жатыр және осы жер-
ден Жаңғырық өзенінің алабы
басталады. Жаңғырық өзені
төменде Шелек өзеніне барып
құяды.

Шыңның маңайында Жу-
санды мұздығының еруі ке-
зінде пайда болған моренада
кей жылдары кішігірім сужина-
лып, қазаншұңқыр көлге айна-
лады. Күн райы мен мезгілдер-
дің ауысына қарай, көл бір
жылдары толып, келесі жылы
тартылып отырады. Дегенмен
көлемі өте шағын болғандық-
тан, көлдің құжаты жасалмаған
екен.

ҚазҰУ шыңын 2017 жылы 15
тамыз күні «Қазселденқорғау»
мемлекеттік мекемесінің ма-
мандарының аэровизуалды
бақылау жүргізу шарасында
тікұшақтан кездейсоқ алыстан
түсіріп алған екенмін. Кейін
бұл суреттерді earth.google.
com көмегімен салыстырып,
анықтап, 2024 жылы Әл-Фа-
раби атындағы ҚазҰУ ректоры
Ж.Түймебаевтың қолдауымен
жарық көрген «Farabi univer-
siteti – 90» фотоальбомында
(187-бетте) жариялаған едік.
Бірақ шыңды жақыннан тама-
шалаудың сәті жеті жылдан
кейін орындалды. 21 қыркүйек

күні «Қазавиаорманқорғау»
РМҚК Алматы авиа бөлімінің
басшысы Бекзат Байшалов
осы арманымыздың орында-
луына себеп болды. Алматы
мемлекеттік табиғи қорығының
аумағындағы ғылыми топты
алып қайту сапарында тікұшақ
ҚазҰУ шыңы маңынан ұшып
өтті. Біз сол сәтті фотосуретке
түсіріп үлгердік.

Шыңды фотоға түсіру ба-
рысында «Қазавиақұтқару»
қызметінің Ми-8 тікұшағымен
4500 метр биікке дейін көте-
рілдік. Шың бірыңғай пирами-
далы, жан-жағын мұздықтар
қоршаған, адам аяғы жете бер-
мейтін мұздықтар мекенінде
орналасқан. Әрі таудағы ал-
ғашқы қар рең беріп жатты.
Төменде күн жылы болғанымен,
мұнда қатты аяз сезілді. Сонда
да тікұшақ терезесінен шыңды
бірнеше минут әр қырынан
фотоға түсірудің сәті түсті.
Мүмкін, бұл шыңға 1951 жыл-
дан кейін ең жақын келген топ
болған шығармыз. Бірақ біз
шыңға шықпасақ та, шыңды
шамалы қасынан тамашалау-
дың куәгері болдық. Әуе жұ-
мыстарын тікұшақ командирі
Арман Дәулетбеков, ұшқыш-
инструктор Өміржан Асанға-
лиев, екінші ұшқыш – Серік
Қажағұлов, бортоператор Мо-
лотжан Дуганов, бортмехник
Азамат Сұлтанбаев бастаған
білікті мамандар орындады.
Осы тұрғыда қолай ҚазҰУ
шыңының асқақ көрінісін фото-
суретке түсіріп алуымызға
жәрдем берген Бекзат Байша-
лов бастаған «Қазавиаорман-
қорғау» РМҚК Алматы авиа
бөліміне алғыс білдіреміз. Бұл
ҚазҰУ шыңына 74 жылдан
кейін қауышқан тарихи күн
болды.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Философия кафедрасының
аға оқытушысы
Суреттерді түсірген автор

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ
Газетке жазылу индексі: 64787

- «Qazaq universiteti» газеті – 80 жылға жуық тари-
хы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика
көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы
жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақа-
лаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге
«Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани
қолдау білдіргіңіз келсе, Halyk bank QR қосым-
шасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Halyk bank қосымшасы арқылы QR-код-
ты суретке түсіріп, белгілеу
(назначение) бөлімінен «Qazaq
universiteti» газетіне жазылу»
деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлемін-
дегі оқырмандар үшін «Қаз-
пошта» АҚ-ның барлық бөлім-
шелері қызмет көрсетеді.



«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

1 жылға	қала		ауыл/аудан
	жеке тұлға	заңды тұлға	
	4930,62 теңге	7304,64 теңге	4930,62 теңге

Ғылым және жоғары білім саласындағы
жаңалықтармен танысқыңыз келсе,
«QAZAQ UNIVERSITETI»
газетіне жазылуды ұмытпаңыз!

Тарату бөлімінің байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 3227, 3228

Айдана — Азия чемпионы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-
дың медицина және денсаулық
сақтау факультетінің 2-курс
студенті Айдана Хасенқызы
Түркістан қаласында өткен
қазақша күрестен ересектер
арасындағы Азия чемпиона-
тында 48 келі салмақта чемпион
атанды.

Түркістандағы Olympic Cen-
ter спорт кешенінде өткен жар-
ысқа Қырғызстан, Тәжікстан,
Түрікменстан, Үндістан, Жапо-
ния, Иран, Моңғолия, Пәкістан
қатарлы 15 мемлекеттен 200-
ге жуық балуан қатысты.

Бұған дейін Айдана Хасен-
қызы Қазақстан Республика-



сының кубогы үшін жарыста
алтын жүлдегер атанған бола-
тын.

ҚазҰУ спортшысын кезекті
жеңісімен құттықтаймыз!

**Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі
редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды,
үш компьютерлік беттен асатын материалдар
қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала
көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.